



Мектеп директорларына

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі Сіздерге, «Жамбыл дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының 2023 жылғы 06 желтоқсандағы № 650 санды хатына сәйкес, жалпы білім беретін пәндер бойынша 9-11 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың екінші (аудандық) кезеңі ағымдағы жылдың 19 желтоқсан күні жаратылыстану-математикалық бағыты (апелляция 20 желтоқсан) бойынша, 20 желтоқсан күні қоғамдық-гуманитарлық бағыты (апелляция 21 желтоқсан) бойынша Астана уақытымен сағат 10:де өтетінін хабарлайды. Олимпиада жалпы білім беру бағдарламасының математика, қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, орыс тілінде оқытатын сыныптардағы қазақ тілі, қазақ тілінде оқытатын сыныптардағы орыс тілі, ағылшын тілі, Қазақстан тарихы, құқық негіздері, химия, биология, география, физика, информатика пәндері бойынша жүргізіледі. *Ескерту, «орыс тілінде оқытатын сыныптардағы қазақ тілі» пәні бойынша ұлты қазақ емес (екі ата-анасы да қазақ ұлтының өкілі болмауы тиіс) оқушылар қатысады. Қатысушылардың ұлты туу туралы куәлігі арқылы тексеріледі.* Олимпиадаға I (мектепішілік) кезеңнің қорытынды хаттамаларына сәйкес әр пән және сынып бойынша ең жоғары ұпай жинаған бір оқушыны қатыстыру туралы сұраныспен қоса олимпиаданың мектепішілік кезең хаттамасының көшірмесі Т.Рысқұлов аудандық білім бөліміне **2023 жылдың 13 желтоқсанына** дейін қабылданады. **Н.Садықбекова** (nazym.sadykbekova.1973@mail.ru) электронды поштасына жолдауларыңыз қажет.

Олимпиаданың өтетін орны: №6 мектеп-гимназиясы базасында (Арай мөлтек ауданы, 7 көше, 2 ғимарат).

Басшы



М.Базарова